


АБАЙ-ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ: ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ЖИНАҚ



«Абай-ғылыми зерттеу институты» – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған ғылыми-ақпараттық жинақ. Жинақта Абай ғылыми-зерттеу институтында атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстардың басты нәтижелері туралы ғылыми ақпараттар мен мәліметтер көрініс тапқан.

Жинақ институт директоры, ф.ғ.д., профессор Ж. Дәдебаевтың «Абай ғылыми-зерттеу институты» атты ақпараттық кіріспесімен басталады. Кіріспеде институттың құрылғанынан бастап қазіргі таңға дейін атқарылып келе жатқан жұмыстардың көрнекі нәтижелері, институттың веб-сайтындағы ғылыми-ақпараттық е-ресурстар қоры, абайтану саласында жүзеге асқан республикалық ғылыми жобалар, өткізілген ғылыми-тәжірибелік халықаралық конференциялар, көп томдық сериялық басылымдар, Абай ғылыми-зерттеу институтының еңбектері, бейнехабарлар сериясы т.б. жөнінде мол мағлұмат берілген.



Жинақ Абай ғылыми-зерттеу институтының маңызды мәліметтер сілтемесінен, институт қызметкерлері, профессорлары Д. Ысқақұлының, Қ. Әбдезұлының, Т. Тұяқбайдың, Л. Мұсалының, докторанттар Б. Даутованың, Г. Ыбырайқызының институтта орындалған ізденістер мен нәтижелер, жетістіктер туралы ақпараттық баяндамаларынан, институттың достық қарым-қатынастары және жарияланған кітаптар жөніндегі мақалалардан, «Абай жылындағы жетістіктер» және «Абай ғылыми-зерттеу институты. ҚазҰУ – 90» атты электронды көрме фотосуреттерінен, институт қызметкерлерінің жарық көрген еңбектерінің ақпаратынан, институт докторанттары Ұ. Байлиева және А. Кенжеқожаеваның Абай ғылыми-зерттеу институтында жарық көрген еңбектерге жазған рецензияларынан құралған.



Жинақ ғылыми көпшілікке, абайтанушыларға, абайтану саласында ізденіп жүрген жас ғалымдар мен зерттеушілерге арналған.

Абай институтының ақпараттық қызметі